

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1565 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 сәуір N 683

Рудный жылу электр орталығын жекешелендіруді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Рудный ЖЭО-ның мүліктік кешенін жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1565 P961565_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ "шарттарында ЖЭО-ның" деген сөздерден кейін "жалақы төлеу, бюджет пен әлеуметтік қорларға төлемдер жөніндегі борыштарды өтеуге қатысты" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қостанай облысының әкімі Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен, Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, екі апта мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен Рудный жылу электр орталығының басқа міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерін белгілесін";

4-тармақ 5-тармақ болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі